

Қатысқандыр: 30

Қатыспағандар: 0

Күн тәртібінде;

1. "Тасшалқар ауылының жалпы білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау қорытындылары туралы"

Қаралды:

Бірінші мәселе бойынша мектеп директоры К. Б. Қожахметовты тыңдады.. Қайрат Балтабайұлы ұжымды мектепті аттестаттаудың қорытындыларымен таныстырды. Аттестаттаудан өту кезінде келесі кемшіліктер мен ескертулер табылды:

1. 2023-2024 оқу жылында 2 «Б» сыныбының дүниетану пәнінің КТЖ-да, 11 «А» сыныбында «АӘТД» «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» курсының оқытылуы жоспарланбаған, 4 «Б» сыныбында 10 сағаттын орнына 6 сағат жоспарланған. Бұл факт Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2-қосымшасы) 2-тарау 25 тармағына, «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» (3- қосымшасы) 2-тарау 41 тармағына, «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (4-қосымша) 4-тарау 50 тармағына сәйкес келмейді.
2. 2023-2024 оқу жылында «Жолда жүру ережелері» 2 «Б» сыныбында 3 сағат, 3 «Б» сыныбында 4 сағат, 4 «Б» сыныбында сынып сағаты «Kundelik kz» платформасында мүлдем көрсетілмеген. Бұл Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2- қосымшасы) 2- тарау 26 тармағына, «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» (3-қосымшасы) 2-тарау 38 тармағына сәйкес келмейді.
3. Өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келетін акті ұсынылмады. Утельбаева Ж.К. – бастауыш сынып мұғалімі біліктілігін арттыру курсынан соңғы рет 2018 жылы өткен. Бұл Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2 қосымшасы) 2-тарау 27 тармағына, «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» (3 қосымшасы) 2 тарау 39 тармағына, «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (4-қосымша) 2-тарау 29 тармағына сәйкес келмейді.
4. 2023-2024 оқу жылдарында КТЖ 5А, 6А, 7А, 8А, сыныптары бойынша Волощук В.С. «Көркем еңбек», «Художественный труд» пәндері бойынша КТЖ жарияланбаған. Бұл Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2 қосымшасы) 4-тарау 32 тармағына, «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» (3

қосымшасы) 4 тарау 47 тармағына, «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (4 қосымша) 4 тарау 46,47 сәйкес келмейді.

Қорытынды: «Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімі Тасшалқар ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келмейді.

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттары.

Білім беру ұйымы қызметінің нәтижелерін бағалау үшін білім беру білім беру стандартының талаптарына сәйкес келмесе, білім беру ұйымдарының қызметін бағалау кезінде балдардың қорытынды сомасы 50% - ға төмендейді, 18,7 баллды құрайды және "төмен" - 2 деңгейге сәйкес келеді. Қорытындысы: 18,5 балл

Білім беру ұйымының білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті стандартқа сәйкес келмесе, білім беру ұйымының қызметін бағалау кезінде балдардың қорытынды сомасы 50 % төмендейді, 26,5 баллды құрайды және "төмен" - 2 деңгейге сәйкес келеді. Қорытынды: 53 балл

Қаулы етті:

1. Қысқа мерзім ішінде кемшіліктері мен ескертулер түзетілсін

Төраға: *Кожухметов* - Кожухметов К.Б.
Хатшы: *Маухан* - Маухан А.